

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті

**2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша
«Қаржы нарығындағы жағдай туралы
(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетінің
ақпараты бойынша)» № 264 баспасөз –
релизі**

**Қазақстан Республикасының банк секторы
2-бетте**



**Қазақстан Республикасының сақтандыру
нарығы 5-бетте**

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 7-бетте

Бағалы қағаздар нарығы 9-бетте

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін
жүзеге асыратын ұйымдар 10-бетте**

**Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың
мүдделерін қорғау 11-бетте**



* - Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері (млрд. теңге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қорлары	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	12 809,4	93,6	387,7	98,4
Жиынтық міндеттемелер	11 516,3	8,1	156,5	79,7
Меншікті капитал	1 293,1	85,5	231,2	18,7

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 38 екінші деңгейдегі банктер ұсынған.

1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері жылдың басында 777,9 млрд.теңгеге немесе 6,5%-ға өсіп 12 809,4 млрд.теңге болды.

1 қаңтардағы банк секторының жиынтық есептік меншікті капиталы бір жылда 139,9 млрд.теңгеге немесе 7,8%-ға өсіп, 1 961,3 млрд. теңге болды.

Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 34,5% немесе 4 424,3 млрд. теңге болды.

1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің несие портфелі (банкаралық заемдарды есептегенде) бір жылда 1 377,0 млрд.теңгеге немесе 15,2%-ға өсіп, 10 442,9 млрд.теңге болды. 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несие портфелінің 44,1% немесе 4 604,4 млрд. теңге болды.


1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 25,8%, күмәнді – 52,4%, үмітсіз – 21,8% болды. (01.01.2011ж. стандартты кредиттердің үлесі – 26,4%, күмәнді – 53,5%, үмітсіз – 20,1%).

5-санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер сомасы (бірыңғай кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несие портфелінің 3 651,8 млрд. теңге немесе 35,0% болды, осы көрсеткіштің өсуі бір жылда 697,4 млрд.теңге немесе 23,6% болды.




Ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар бір жылда 1 042,3 млрд.теңгеге немесе 48,4%-ға өсіп, банктердің несие портфелінің 3 195,7 млрд.теңге немесе 30,6% болды.

1 қаңтардағы жағдай бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 3 336,0 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 31,9% болды.

Активтер, міндеттемелер және есептік меншікті капитал



Банктердің несие портфелі



2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелгенге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ЕДБ ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері

млрд. тенге

2 Бірінғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялар ретінде есепке алынады.

Атауы	Сомасы
талап ету бойынша	133,3
1 айға дейін	13,5
1 айдан бастап 3 айға дейін	38,6
3 айдан бастап 6 айға дейін	98,1
6 айдан бастап 1 жылға дейін	174,9
1 жылдан бастап 2 жылға дейін	260,5
2 жылдан бастап 3 жылға дейін	213,7
3 жылдан бастап 5 жылға дейін	196,3
5 жылдан астам	1 068,7
Қаржылық емес міндеттемелер	70,1
ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер	2 267,6

1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері бір жылда 801,1 млрд. теңгеге немесе 7,5% өсіп, 11 516,3 млрд. теңге болды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері бір жылда 294,9 млрд. теңгеге немесе 11,5%-ға азайып, 2 267,6 млрд. теңге болды. ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық міндеттемелерінің 19,7% болды (01.01.2011 жылы осы көрсеткіш 23,9%-ды құрады).

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 40,5% немесе 4 663,1 млрд. теңге болды.

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдар

Атауы	(млрд. теңге)					
	01.01.2011		01.01.2012		Өзгеруі, %	
	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да
Клиенттердің салымдары, оның ішінде:						
заңды тұлғалардың	6 825,3	2 541,1	7 797,5	2 552,5	14,2	0,4
жеке тұлғалардың	4 574,4	1 539,8	5 033,5	1 387,0	10,0	-9,9
Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 250,9	1 001,3	2 764,1	1 165,6	22,8	16,4
	25,4	25,4	1,5	1,5	-94,1	-94,1

1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғары өтімді активтерінің үлесі 20,8%-ды құрады.

2012 жылғы 1 қаңтарда екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 4 465,6 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы – 4 475,3 млрд. теңге (есепті күнде болған 25,6 млрд. теңге табыс салығын есептемегенде). 1 қаңтарда банктердің шығыны – 12,3 млрд. теңгені құрады.

Банк заңнамасын бұзғаны үшін желтоқсанда банктерге 6 міндеттеме хат, 7 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша ескерту шығарылды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 2 банк түр ("Валют-Транзит Банкі" АҚ және "Қазақстан Наурыз Банкі" АҚ).

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 38 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, бұл ретте өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын лицензиясы 7 ұйымда бар, АҚЖ көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру бойынша – 26 ұйымда бар. Сондай-ақ сақтандыру қызметін көрсету нарығында 14 сақтандыру брокерлер және 84 актуарийлер өз қызметін жүзеге асырады.

2011 жылғы 12 айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық активтері 13,0%-ға өсіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтарда 387,7 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 10,8%-ға өсіп және 231,2 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтерінің сомасы 127,9 млрд.теңге болды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 175,5 млрд.теңге болды, бұл 2011 жылғы ұқсас көрсеткіштен 25,4%-ға көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 45,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 28,5%-ға өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 53,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 52,4%-ға өсуі), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 76,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 10,2%-ға өсуі) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі ағымдағы жылғы 1 қаңтарда 30,5 млрд. теңге (01.01.2011ж. жағдай бойынша – 18,6 млрд.теңге), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2011 жылғы 1 қаңтарда 13,3% болды) 17,3% болды.


Ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 64,8 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 36,9% болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 28,8% қайта сақтандыруға берілді (2011ж. 1 қаңтардағы ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 37,9%).

2011 жылғы 12 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 43,1 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 71,0% көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 11,7 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 25,8%-ға өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 22,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 76,1%-ға өсуі) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 8,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 2,9 есеге өсуі) болды.


Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 33 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Желтоқсанда сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 18 жазбаша ұйғарым, 2 жазбаша міндеттеме және 1 жазбаша ескерту жіберілді.

Негізгі көрсеткіштер



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары



2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы («Алтын Полис» СК» АҚ және «Premier Сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ) тұр.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 79 филиалы және 51 өкілдігі бар.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензия 12 жинақтаушы зейнетақы қорында бар және барлық 12 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар. 2011 жыл ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия берілген жоқ.

2012 жылғы 1 қаңтарда міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 2 645,6 млрд. теңгемен 8 137 395 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-желтоқсанда міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 147 163 бірлікке (1,8%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты 393,0 млрд. теңгеге (17,4%) ұлғайды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 318 болды. Жылдың басынан ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 1 216 бірлікке (3,1%) азайды.

2012 жылғы 1 қаңтарда ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 114,4 млн. теңгемен 4 102 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы қаңтар-желтоқсанда 393,2 млрд. теңгеге (17,4%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 қаңтарда 2 651,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі қаңтар-желтоқсанда 416,4 млрд. теңгені құрады.

Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) қаңтар-желтоқсанда 16,3 млрд. теңгеге азайып, 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 555,1 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2012 жылғы 1 қаңтарда 20,9%-ды құрады.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 233,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-желтоқсанда қорлар алушыларға жалпы сомасы 70,8 млрд. теңгеде зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 405,5 млрд. теңгені құрады.


2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңде (2006 жылғы желтоқсан – 2011 жылғы желтоқсан) – 30,4% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 59,95%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 29,51%;

- 3 жылдық кезеңде (2008 жылғы желтоқсан – 2011 жылғы желтоқсан) – 23,48% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 22,96%);

- 12 айда (2010 жылғы желтоқсан – 2011 жылғы желтоқсан) – 2,59% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 7,4%).

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



2012 жылғы 1 қаңтарда бағалы қағаздар шығарылымы бойынша эмитенттері дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 0,6% болды, бұл абсолюттік мәнінде 17,1 млрд.теңге болды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысты жекелеген нормаларын орындамағаны үшін 2011 жыл ішінде 31 жазбаша ұйғарым жіберілді, 22 міндеттеме хат талап етілді, 10 келісім жасалды және басқарушы қызметкерді қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету туралы 2 хат жіберілді.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры («Қорғау» ЖЗҚ» АҚ) тұр.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Корпоративтік бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2012 жылғы 1 қаңтарда 2 149 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 73 брокер-дилер, 10 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖАҰ), 33 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

2011 жыл ішінде 425 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.

Сондай-ақ бір жылда жалпы номиналды құны 226,4 млрд.теңгемен 18 облигациялар шығарылымы, облигациялық бағдарламалар аясында жалпы номиналды құны 106,5 млрд.теңгемен 13 облигациялар шығарылымы тіркелді. Сондай-ақ есепті жылы жалпы номиналды құны 423,5 млрд.теңгемен 8 облигациялық бағдарлама тіркелді.


Одан басқа, есепті кезеңде жалпы номиналды құны 290,3 млрд.теңгемен 23 облигация шығарылымы және облигациялық бағдарламалар аясында жалпы номиналды құны 679,3 млрд.теңгемен 30 облигациялар шығарылымы өтелді. Жалпы қолданыстағы облигациялық бағдарламалардың саны 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы номиналды құны 4 239,3 млрд.теңгемен 78 шығарылым болды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 363 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 5 309,7 млрд. теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істейтін инвестициялық пай қорларының саны 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 152 (117 – жабық, 12 – ашық және 23 – аралық) болды. Сондай-ақ, есепті күнге нарықта 32 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқаруда.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 217 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 90 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты жекелеген нормаларын орындамағаны үшін 43 жазбаша ұйғарым жіберілді, 72 міндеттеме хат талап етілді, 9 келісім жасалды және басқарушы қызметкерді қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету туралы 2 хат жіберілді.



БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 4 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 10 ұйым жұмыс істейді.


2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы 2011 жылдың басынан бері 24,4 млрд. теңгеге немесе 19,9%-ға азайып, 98,4 млрд. теңге болды

Жиынтық міндеттемелер 2011 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 11,8 млрд. теңгеге немесе 12,9%-ға азайып, 79,7 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың баланс бойынша меншікті капиталы 18,7 млрд. теңге болды.


Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 60,2 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың 1 қаңтардағы көрсеткішінен 16,6 млрд. теңгеге немесе 21,6%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 85,9%, күмәнділер үлесі – 6,8%, үмітсіздер үлесі – 7,3% болды. (2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 82,6%, күмәнділер үлесі – 8,9%, үмітсіздер үлесі – 8,5% болған).

Қаржылық көрсеткіштер



Несие портфелі



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2011 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) жеке және заңды тұлғалардан 349 өтініш келіп түсті, оның ішінде: электронды адреске келіп түскен 37 өтініш, факсимильді байланыс арқылы 9 өтініш және, жеке тұлғалардың 89 өтінішінен тұратын 1 ұжымдық өтінішті қоса алғанда 303 жазбаша өтініш келіп түсті.

Сонымен, 2011 жылғы желтоқсанда Комитетке келіп түскен өтініштердің жалпы саны **437** құрады.

Келіп түскен **349** өтініштің:

– **198** өтініш – екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) қызметіне қатысты (жалпы санының 56,74%), 211 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 103 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **12** өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне қатысты (жалпы санының 3,44%), 15 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 7 өтінішті қосқанда) - 0 негізделген;

– **28** өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 8,02%), 30 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 26 өтінішті қосқанда) - 1 негізделген;

– **9** өтініш бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты (жалпы санының 2,58%), 10 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 3 өтінішті қосқанда) - 0 негізделген;

– **26** өтініш жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - ЖЗҚ) қызметіне қатысты (жалпы санының 7,45%), 36 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 27 өтінішті қосқанда) - 1 негізделген;

– **74** жеке және заңды тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдарының) Қазақстан Республикасының заңнама нормалары бойынша және Комитеттің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша түсіндірмелер беру туралы (жалпы санының 21,20%);

– **2** Комитеттің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштер (жалпы санының 0,57%).

Төменде 2011 жылғы желтоқсанда банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштер және өтініштердің жалпы көлеміндегі олардың үлес салмағы жөнінде мәліметтер келтірілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қаралуы аяқталған	Есепті кезеңнің соңында қарау үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторындағы келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	
<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>					
1	«Альянс Банкі» АҚ	45	22,72	17	28
2	«АТФ Банк» АҚ	23	11,61	7	16
3	«Темірбанк» АҚ	22	11,11	18	4

4	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	18	9,09	7	11
5	«Казкоммерцбанк» АҚ	18	9,09	10	8
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ	15	7,57	11	4
7	«Kaspi Bank» АҚ	13	6,56	8	5
8	«БТА Банк» АҚ	12	6,06	5	7
9	«Хоум Кредит Банк» АҚ	10	5,05	9	1
10	«Нұрбанк» АҚ	4	2,02	1	3
11	«Валют-Транзит Банк» АҚ (таратылатын банк)	4	2,02	4	0
12	«Еуразиялық банк» АҚ	3	1,52	1	2
13	«Цеснабанк» АҚ	3	1,52	2	1
14	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банк» АҚ	3	1,52	3	0
15	«Метрокомбанк» АҚ	2	1,01	2	0
16	«HSBC Банк Қазақстан» АҚ	1	0,51	1	0
17	«Қазпочтабанк» ААҚ (таратылатын банк)	1	0,51	1	0
18	ҚР Президент Әкімшілігі жіберген 89 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,51	1	0
	Жиынтығы:	198	100 56,74*	108	90
<i>Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар</i>					
1	«БТА Ипотека» «БТА Банк» ЕИҰ АҚ (лицензия ерікті қайтарылды)	8	66,67	6	2
2	«Астана-финанс» ипотекалық ұйымы АҚ	3	25,00	2	1
3	«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ	1	8,33	0	1
	Жиынтығы:	12	100 3,44*	8	4
<i>Сақтандыру нарығы</i>					
1	«Қазақмыс» СК» АҚ	4	14,31	2	2
2	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	3	10,72	2	1
3	«Пана Иншуранс» СК» АҚ	2	7,14	0	2
4	«Казахинстрах» СК» АҚ	2	7,14	0	2
5	«Аманат Иншуранс» СК» АҚ	2	7,14	1	1
6	«САЯ» СК» АҚ	2	7,14	0	2
7	«ЭкоПолис» СК» АҚ	2	7,14	0	2
8	«Алатау» СК» АҚ	2	7,14	1	1
9	«БТА Страхование» СК» АҚ	2	7,14	2	0
10	«Альянс Полис» СК» АҚ	1	3,57	1	0
11	«СК «Астана Финанс» СК» АҚ	1	3,57	0	1
12	«Еуразия» СК» АҚ	1	3,57	1	0
13	«Казкоммерц Полис» СК» АҚ	1	3,57	1	0
14	«БТА Өмір» БТА Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» АҚ	1	3,57	0	1
15	«МСК» СК» АҚ	1	3,57	0	1
16	«Premier Сақтандыру» СК» АҚ (таратылатын компания)	1	3,57	1	0
	Жиынтығы:	28	100 8,02*	12	16
<i>Багалы қағаздар нарығы</i>					
1	«Ремстройтехника» АҚ	2	22,23	2	0
2	«Өзен-Мұнай» ПО ГГДУ	1	11,11	0	1
3	«Қаражанбастермұнай» ОЭ ГГДУ	1	11,11	1	0
4	«Темірбанк» АҚ	1	11,11	0	1
5	«Народная собственность» АҚ	1	11,11	1	0
6	«Қазпочтабанк» АҚ	1	11,11	1	0

7	«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	1	11,11	1	0
8	Металлинвест ИЖҚ	1	11,11	1	0
	Жиынтығы:	9	100	7	2
			2,58*		
<i>Жинақтаушы зейнетақы жүйесі</i>					
1	«ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ	10	38,47	1	9
2	«ОТАН» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	0	2
3	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ «БТА Банк» АҚ ЕҰ («ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ қосылу арқылы қайта құрылды)	2	7,69	1	1
4	«ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	2	0
5	«МұнайГаз – Дем» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	0	2
6	«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	0	2
7	«Республика» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	2	0
8	«Астана» ЖЗҚ» АҚ	2	7,69	2	0
9	«Қорғау» ЖЗҚ» АҚ	1	3,85	0	1
10	«Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ	1	3,85	1	0
	Жиынтығы:	26	100	9	17
			7,45*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	273	78,23**	144	129

*- өтініштердің жалпы санындағы сектордың үлес салмағы

** - барлық өтініштер негізделген болып табылмайды

Банк секторы

2011 жылғы желтоқсанда Комитетке банк қызметінің мәселесі **198** өтініш келіп түсті.

Мынадай мәселелер халық үшін өзекті болып қалуда:

- заемдарды өтеу бойынша мерзімін ұзарту, ипотекалық заемдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай қайта қарау және заемдар бойынша өсімпұлды алып тастау арқылы заемдарды қайта құрылымдау;

- мемлекеттік көмек көрсетуді қоса алғанда, заемдар бойынша борыштарды кешіру;

- банктердің заем бойынша сыйақы мөлшерлемелерін бір жақты тәртіппен көтеруі;

- кепілге салынған мүлікті сотпен/соттан тыс сату;

- заем бойынша ай сайынғы төлемді, сыйақы мөлшерін және есептелген өсімпұлды есептеудің дұрыстығын тексеру;

- салымдарды қайтару;

- пластикалық карталармен операциялар жасау.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2011 жылғы желтоқсанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша Комитетке 12 өтініш келіп түсті.

Есепті айда келіп түскен өтініштер мынадай мәселелерге қатысты болды:

- заемдарды мерзімін ұзарту және ай сайынғы төлемді төмендету арқылы қайта құрылымдау;

- заемдарды қайта қаржыландыру;

- кепілге салынған мүлікті сотпен/соттан тыс сату.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Сақтандыру нарығы

2011 жылғы желтоқсанда сақтандыру қызметі мәселелері бойынша Комитетке **28** өтініш, оның ішінде:

міндетті сақтандыру бойынша – 14 өтініш;

ерікті сақтандыру бойынша – 6 өтініш;

сақтандыру түрін көрсетпей – 8 өтініш келіп түсті.

Өтініштердің негізгі бөлігі сақтандыру ұйымдарының міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақтылы және толық көлемде жүзеге асырмау мәселелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сақтандыру заңнамасының нормаларына түсініктемелер беруге қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұрау салулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22 және 25-баптарының талаптарын сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындауды бұзу және зақымдалған көлік құралын бағалауды ұйымдастыру, сондай-ақ осы қызметке уәкілеттігі жоқ тұлғадан құжаттарды қабылдау және оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру бөлігінде бұзғаны үшін Соттың Жеке анықтамасын орындау мақсатында Комитет «ЭкоПолис» СК» АҚ-на қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселені қарау үстінде. Сонымен қатар Комитет уәкілетті органға күмәнді мәліметтер бергені үшін «ЭкоПолис» СК» АҚ-на қатысты әкімшілік іс қозғады.

Сонымен бірге жеке тұлғалардың «Коммекс-Өмір» СК» АҚ-ның іс-әрекетіне жасаған шағымдарымен өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Заңның 26-1-бабының 2-тармағының талаптарын сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімдерін бұзу бөлігінде бұзғаны үшін сақтандыру компанияларына қатысты әкімшілік іс қозғады.

Бағалы қағаздар нарығы

2011 жылғы желтоқсанда бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша Комитетке **9** өтініш келіп түсті.

Өтініштер қолданыстағы заңнаманың акцияларды тіркеу, айырбастау және акция құнын есептеу, сондай-ақ дивиденттерді төлемеу бөлігінде түсініктемелер алуға қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2011 жылғы желтоқсанда ЖЗҚ қызметіне қатысты Комитетке **26** өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралатын шағымдар мен өтініштердің елеулі бөлігі мынадай мәселелерге қатысты болды:

- салымшының ниетін білдірусіз не зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасамай жинақталған зейнетақы қаражатын аудару;
- жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару кезінде оның азаюы;
- жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуден бас тарту.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Комитет «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ-ның қызметінен жалған құжаттар жасауға байланысты жинақталған зейнетақы қаражатын заңсыз аударым жасау фактісін анықтады. Қазіргі уақытта Фондқа Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселені қарау үстінде.